

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2021 жылғы 4 қазандағы № 493 және "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 493 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 47 бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 12 маусымдағы № 314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32787 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 493 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24633 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орнында іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 493 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 47 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31829 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
төтенше жағдайлар министрінің
міндетін атқарушы*

М. Пшембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК